



Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай автомобиль көлігі колледжі» КМҚК ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелері

1.1 Осы Ереже "Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 01 наурыздағы №56 өзгертулер мен толықтырулары енгізілген 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына сәйкес әзірленді.

1.2 Қамқоршылық кеңес колледжді алқалы басқару нысандарының бірі болып табылады, оның дамуына жәрдемдеседі және білім беру ұйымының қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз етеді, өз қызметін келесі қағидағтар негізінде жүзеге асырады:

- 1) дербес;
- 2) оның мүшелерінің қызметі өтеусіз негізде;
- 3) ерікті;
- 4) ашықтық;
- 5) жариялылық және қоғамдық;

1.2 Өз қызметінде Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын, колледж жарғысын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.
- 2) Өз қызметін білім беру ұйымымен, жұртшылықпен, жергілікті атқарушы және өкілді органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырады.

2. Қамқоршылық кеңестің мақсаттары мен міндеттері

2.1 Қамқоршылық кеңесті құрудың мақсаты колледждің өзекті міндеттерін шешуге және оны заманауи технологиялар деңгейінде өндірістік міндеттерді шешуге қабілетті жоғары білікті мамандарды даярлау орталығы ретінде қалыптастыруға жәрдемдесу және бюджеттен тыс қаражатты тарту, қиын өмірлік жағдайға тап болған білім алушыларға қолдау көрсету және колледждің материалдық-техникалық базасын

нығайту болып табылады.

2.2 Қамқоршылық кеңестің міндеттері:

- 1) колледжді дамытудың басым бағыттарын келісу;
- 2) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға Қамқоршылық кеңес анықтаған колледж жұмысындағы кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізу;
- 3) колледж бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлеу;
- 4) колледждің жарғысына және ішкі тәртіп қағидаларына енгізілген өзгерістерді және/немесе толықтыруларды келісу;
- 5) "Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін қызметке тағайындау, қызметтен босату қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына сәйкес колледж басшысының бос лауазымына орналасуға кандидаттармен әңгімелесу қорытындылары бойынша хаттамалық шешімді келісу және қабылдау (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7495 тіркелген);
- 6) колледжге қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржы құралдарын бөлу жөнінде келісу және хаттамалық шешім шығару және демеушілік, қайырымдылық және өзге де көмекті пайдаланудың бағыттарын, нысандарын, мөлшерін және тәртібін таңдау жөнінде оның нысаналы жұмсалуды туралы шешім қабылдау;
- 7) өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушыларға қолдау көрсету және материалдық-техникалық базаны нығайту үшін колледж шотына түсетін демеушілік қаражаттың жұмсалудына бақылауды жүзеге асыру;
- 8) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу процесіне мониторинг жүргізу;
- 9) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын отбасылардан шыққан білім алушыларға көмек ұйымдастыруға жәрдемдесу, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды, дарынды білім алушыларды қолдау шараларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- 10) білім алушылардың, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен бостандықтарының сақталуына бақылауды жүзеге асыру, олардың құқықтарын қорғауға, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және зорлық-зомбылық пен кемсітушіліктің физикалық, психикалық және өзге де нысандарынан қорғауға жәрдемдесу;
- 11) басшының колледж қызметі туралы есебін жылына кемінде 2 (екі) рет тыңдау;
- 12) оқу жылы ішінде білім алушылар мен ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге анонимді сауалнама жүргізу арқылы білім алушылардың колледжде оқу жағдайларына қанағаттану дәрежесіне 1 (бір) рет мониторинг жүргізу;
- 13) санитариялық-гигиеналық жағдайлардың, тамақтану сапасының, ауыз су режимінің сақталуына, іргелес аумақтың жай-күйіне бақылауды жүзеге

асыру;

14) колледж әкімшілігіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды өткізуге жәрдемдесу;

15) колледж әкімшілігіне білім алушылар арасында құқық бұзушылықтардың, нашақорлықтың, маскүнемдіктің, темекі шегудің, буллингтің, лудоманияның алдын алуға жәрдемдесу;

16) колледж әкімшілігіне білім алушылар арасында тәртіпті нығайтуға және педагогтер, білім алушылар, ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер арасында туындаған жанжалдарды шешуге жәрдемдесу;

17) колледж әкімшілігіне колледж қызметінің мәселелері бойынша мәдени, сауықтыру іс-шараларын, конференциялар, кеңестер, семинарлар өткізуге жәрдемдесу;

18) талантты жастарды қолдау шараларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

19) Қамқоршылық Кеңестің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қоғамдық талқылауға қатысу.

20) Бақылау барысында кезектен тыс отырыста бұзушылықтарды анықтау және қарау.

2. Қамқоршылық кеңестің құрамы

1.1 Қамқоршылық кеңестің құрамына:

1) Мемлекеттік, өкілді органдардың өкілдері;

2) жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің, үкіметтік емес ұйымдар меценаттарының өкілдері;

3) білім алушылардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері енеді.

1.2 Қамқоршылық кеңес мүшелігіне ата-аналар жұртшылығының жалпы жиналысында іріктеуден өткен кандидаттар ұсынылады.

1.3 Қамқоршылық кеңес мүшелігіне кандидаттар Қамқоршылық кеңесті сайлау және оның құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімдерде комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өтініш (еркін нысанда);

2) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) қазақ немесе орыс тілдеріндегі түйіндеме;

4) білімі туралы құжаттың көшірмесі (бар болса);

5) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жоқтығын растайтын құжаттар.

Кандидаттар кәсіптік (немесе) қоғамдық қызмет туралы қосымша мәліметтерді ұсынады.

Қамқоршылық кеңестің сайланған құрамы Комиссия хаттамалық шешім шығарған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қостанай облысы

әкімдігі білім басқармасы басшысының бұйрығымен бекітіледі, сайланған құрамның тізімі олардың ресми интернет-ресурсында және колледжде орналастырылады.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны тақ болып табылады және кемінде 9 адамды құрайды.

Қамқоршылар кеңесінің мүшелері колледж қызметкерлерінің құрамына кірмейді.

1.4 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің аумақтық департаменттерінің өкілдері оның отырыстарына дауыс беру құқығынсыз бақылаушы ретінде қатысуға жіберіледі».

2. Қамқоршылық кеңестің құқықтары

4.1 Қамқоршылар Кеңесі құқылы:

- 1) өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушыларға қолдау көрсету және колледждің материалдық-техникалық базасын дамыту үшін Қамқоршылық кеңес ұсынған қаржы қаражатын пайдалану бөлігінде колледждің Қаржы-шаруашылық қызметін бақылауға;
- 2) колледждің даму перспективаларымен танысуға, тиісті түзетулер енгізуге;
- 3) қайырымдылық көмектің негізгі бағыттарының іске асырылуын бақылау;
- 4) қайырымдылық қаражатын бөлу тәртібін, мөлшерін және пайдалану бағыттарын белгілеуге;
- 5) өз жұмысы туралы ата-аналар жұртшылығын үнемі хабардар етуге міндетті;
- 6) жұртшылықтан түсетін қаражатты пайдаланудың заңдылығы мен тиімділігіне бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

2. Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру тәртібі

5.1 Қамқоршылық кеңестің отырысы оның жұмыс жоспарына сәйкес қажеттілігіне қарай тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

Қамқоршылық кеңестің отырыстарын бейнеконференцбайланыс режимінде өткізуге жол беріледі.

5.2 Отырысты өткізу туралы ақпаратты қамқоршылық кеңестің хатшысы Колледждің интернет-ресурсында, Қамқоршылық кеңестің барлық мүшелерін хабардар ете отырып орналастырады.

Интернет-ресурстағы ақпарат отырыстың өткізілетін күнін, уақытын және орнын қамтиды.

5.3 Қамқоршылық кеңестің басшысы оның төрағасы болып табылады, ол колледждің Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің арасынан оның мүшелерінің көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы Қамқоршылық кеңестің отырысында сайланады.

5.4 Төраға Қамқоршылық кеңестің атынан әрекет етеді және оның қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес қамтамасыз етеді.

Төраға болмаған кезде оның функцияларын қамқоршылық кеңестің

құрамына кіретін жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдерін қоспағанда, Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

5.5 Колледж қызметкерлерінің не Тәуелсіз тұлғалардың арасынан сайланатын және қамқоршылық кеңестің мүшесі болып табылмайтын Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңес отырыстарының материалдары мен хаттамаларын дайындауды, өткізуді, ресімдеуді қамтамасыз етеді.

5.6 Егер отырысқа оның мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3 (үштен екісі) қатысса, Қамқоршылық кеңестің отырысы заңды болып табылады. Қамқоршылық кеңес мүшесінің өз дауысын Қамқоршылық кеңестің басқа мүшесіне не адамға сенімхат бойынша беруіне жол берілмейді.

5.7 Қамқоршылық кеңестің барлық мүшелері тең құқықтарға ие.

5.7 Қамқоршылық кеңестің отырысын өткізу туралы хабарлама алған Қамқоршылық кеңестің мүшесі оны өткізу күніне дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің қатысуы немесе қатыспағаны туралы қамқоршылық кеңестің хатшысына хабарлайды.

5.8 Қамқоршылық кеңестің шешімі оған қатысқан мүшелердің көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады, хаттамамен ресімделеді және оған Қамқоршылық кеңестің төрағасы қол қояды. Дауыстар тең болған кезде Қамқоршылық кеңестің төрағасы не Қамқоршылық кеңес төрағасының функцияларын жүзеге асыратын адам дауыс берген шешім қабылданады.

5.9 Қамқоршылық кеңестің шешімдерін колледж әкімшілігі заңда белгіленген мерзімде тиісті шешімдер қабылдай отырып қарайды.

5.10 Қамқоршылық кеңестің шешімі хаттамамен ресімделеді, оған Қамқоршылық кеңестің төрағасы мен барлық қатысып отырған мүшелері қол қояды және білім беру ұйымының басшысына келісуге енгізіледі.

5.11 Колледж басшысы Қамқоршылық кеңестің шешімімен келіспеген жағдайда, келіспеушіліктерді еңсеру үшін Қамқоршылық кеңес пен білім беру ұйымынан қатысушылардың тең саны қатысатын комиссия (бұдан әрі – келісу комиссиясы) құрылатын келісу рәсімдері арқылы шешіледі.

Келісу комиссиясының мүшелері өз құрамынан келісу комиссиясы мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен төрағаны сайлайды. Келісім комиссиясы келіспеушіліктер туындаған шешімнің ережелерін қарайды.

Келісім комиссиясы шешімді ашық дауыс беру арқылы қабылдайды. Келісу комиссиясының шешімдері оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. «Жақтап» немесе «қарсы» дауыстар саны тең болған жағдайда келісу комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып есептеледі.

5.12 Қамқоршылық кеңестің шешімдерін кеңес хатшысы Колледждің интернет-ресурсында орналастырады.

5.13 Білім беру ұйымының қайырымдылық көмегі ерікті түрде өтеусіз негізде көрсетіледі және тек қана Қамқоршылық кеңестің шешімі бойынша жұмсалады.

5.14 Білім беру ұйымы қабылдаған қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер:

1) мемлекеттік мекеме ұйымдық – құқықтық нысанда құрылған ТжКБ ұйымы үшін-Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде ашылған қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшасын бақылау шоты;

2) Екінші деңгейдегі банкте ашылған шот-өзге ұйымдық-құқықтық нысандарда құрылған ТжКБ ұйымы үшін.

5.15 Қайырымдылық көмектен түсетін түсімдер мынадай мақсаттарға жұмсалады:

- 1) колледж білім алушыларын әлеуметтік қолдау;
- 2) материалдық-техникалық базаны жетілдіру;
- 3) дарынды балаларды қолдау;
- 4) даму ортасын ұйымдастыру.

5.16 Білім беру ұйымы жыл сайын қаржы жылының қорытындысы бойынша ата-аналар жұртшылығын Колледждің интернет-ресурсында тиісті есепті орналастыру арқылы қызмет нәтижелері туралы хабардар етеді.

5.17 Осы кеңестің қызметі шеңберінде Қамқоршылық кеңес мүшесі алған, дербес деректерді қорғау туралы, Мемлекеттік құпиялар мен қызметтік құпия туралы, коммерциялық құпия туралы қолданыстағы заңнамамен қорғалатын ақпарат үшінші тұлғаларға ашылмайды.

6. Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату

6.1 Қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату:

- 1) тиісті саланың уәкілетті органының немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша;
- 2) білім беру ұйымын тарату және қайта ұйымдастыру кезінде;
- 3) осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген Қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі өткеннен кейін;
- 4) Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде жүзеге асырылады.

6.2 Қамқоршылық кеңестің мүшесі Қамқоршылық кеңестің құрамынан шыға алады:

- 1) жеке бастамасы бойынша;
- 2) дәлелсіз себептермен отырыстарда қатарынан үш реттен артық болмауы себебінен.